

## Шет аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 9/108 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қаңтарда № 26333 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Шет аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шет аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 18 /142 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4520 болып тіркелген);

2) "Шет ауданы бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 26/239 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5098 болып тіркелген);

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Б. Тулеукулов*